

Аманқос М., Қуатова А.
**«Сұлтанбек Қожанұлының
редакторлық қызметі мен
шығармашылығы**

«Сұлтанбек Қожанұлының редакторлық қызметі мен шығармашылығы» атты ғылыми мақалада қазақ журналистикасының тарихынан орын алған «Ақ жол» газеті мен оның шығарушы редакторы Қожанұлының еңбектері талданған. Басылымның бағыт-бағдары мен редактордың маман тандай алуы ерекшеліктері сөз болады. Мақалада қазақ журналистикасының қалыптасуы жан-жақты талданып, талқыланған. Автор бұл мақала арқылы қазақ журналистикасы мен Алаш зиялыларының еңбектері әлі де талай зерттелуі қажет екенін айқындай түседі.

Түйін сөздер: Қазақ журналистикасының тарихы, Сұлтанбек Қожанов, Алаш зиялылары, «Ақ жол» газеті, редактор.

Amankos M., Kumatova A.
**Editorial activity and creativity
Sultanbek Kozhanova**

Scientific article of Sultanbek Kojanuly called «Editorial and creative work» has analyzed the newspaper «Ak jol» which has own place in the history of kazakh journalism and also analysed the works of the editor Sultanbek Kojanuly. Moreover, this article shows the direction and an ability to choose specialist features of the publication. Also the history of creation of kazakh journalism was analysed. By the author of this article, it was defined that works of Kazakh journalism and Alash intellectuals still require a lot of research to determine that.

Key words: history of Kazakh journalism, Sultanbek Kozhanov, Alash intelligentsia, the newspaper «Ak Zhol», the chief editor.

Аманқос М., Қуатова А.
**Редакторская деятельность
и творчество Султанбека
Кожанова**

В статье проведен подробный анализ материалов газеты «Ақ жол» и творческой деятельности ее редактора – Султанбека Кожанова. В том числе говорится о направлениях, тематике и проблематике газеты, способность редактора подбирать экспертов и авторов. Также изучаются аспекты формирования казахской журналистики. Автор подчеркивает необходимость исследований казахской журналистики и работ Алашской интеллигенции.

Ключевые слова: история казахской журналистики, Султанбек Кожанов, Алаш, интеллигенция, газета «Ақ жол», главный редактор.

**СҰЛТАНБЕК
ҚОЖАНҰЛЫНЫҢ
РЕДАКТОРЛЫҚ
ҚЫЗМЕТІ МЕН
ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ**

1917 жылғы маусымның 24-і мен 1918 жылғы сәуірдің ортасына шейінгі аралықта өмір сүрген «Бірлік туының» бас-аяғы жиырма тоғыз саны баспа жүзін көріпті. Алғашқы екі санына Мұстафа Шоқайұлы жетекшілік жасаса, одан соңғы он төрт санына Хайретдин Болғанбайұлы редакторлық еткен. Ал желтоқсанның 16-сында тасқа басылған он жетінші санынан бастап газет жабылғанға дейінгі жауапты шығарушысы – Сұлтанбек Қожанұлы.

Газетте мәнді дүниелер мол, құнды деректер қыруар. Әсіресе, Міржақып Дулатұлының «Ұлт қазынасы», «Кім дос, кім қас?», Хайретдин Болғанбайұлының «Иман күші», «Ескі тәртіп халық хакімдігі», «Санаққа қарсылық», Ахмет Маметұлының «Шыдай алмадым», «Бостандық һәм автономиялар», «Өткен іске өкінбе» атты мақалалары да мазмұнды да маңызды.

Ал Сұлтанбектің «Бірлік туындағы» тұңғыш туындысы – «Қайтейін?» атты өлеңі /1917 жыл, 25 қараша, №16/.

Қожанұлы жай баяндауға, жалпылама байыптауға байыздап алмайды. Ол большевиктердің бассаулығының түп-төркінін тәптіштемек ниетпен «Өзіміздің большевиксінгендерге» деп аталатын адресатын айқын, теориялық тұрғыдағы мақаласын жазып – жариялатады / «Бірлік туы». 1918 жыл. 20.28 ақпан/. Мұндағы мақсаты – большевиктердің берекесіздіктеріне жұртшылықтың көзін жеткізіп, көңілін жиренту. Сол үшін бірінші бейнелейтіні дәуір дидары.

Жалпы, Сұлтанбектің мысалға алынған мақалаларында отбасының ойбайы емес – отаншылдық, беталды бөспелік емес – барлау, күйкі көрсөңарлық емес – көрегенділік бар. Әрине, текетірес тұстарға тән күлбілтесіз кесіп айту, астарсыз ашып айту, ара-арасында дұшпанына ашылап-асырыңқырап, досына тұщылап-тасыңқырап сөйлеу дегендерден қызу қанды қайраткер-қаламгердің сөз сілтемесі ада-күде таза дей алмаймыз. Себебі, адам баласы өзі өмір сүрген кезеңінің жақсысы мен жаманын бойға бірдей сіңіретін жанды көшірмесі. Кемістік-кемшіліксіз кісі болмайтыны – аксиома.

Бір байқалатыны, Сұлтанбектер мақалалар жазумен ғана шектелмей, ізгілікті істерге кірісіп кеткен. «Бірлік туы» басқармасының ұйғарымымен өздерінің аштарға жәрдем комитетін ұйымдастырып, соның атынан асхана ашқан, сөйтіп, қаншама адамды қазадан құтқарған.

Сайып келгенде, Сұлтанбектің қаламгерлік қызметі Түркістанның жергілікті жұрттарының арман-саңсары мен талап-тілегін дінгек еткен «Бірлік туы» басылымының аясында баянды бастау алды. Өкінішке орай, азамат соғысы адуындатқан асыра сілтеу, аяусыз сілкілеу саясаты ұлт ұранын асқақтатқан алаш-ордашылардың мемлекет майданына да, мәдениет мәселесінен де бірте-бірте табанын тайдырды, жолын жапты. Олардың баяғыдан бері имандай ұйыған идеалының күлпаршасы шығып күйреді. Дәйек таппай, дағдарысқа түсті. Кеңеспен Колчактың кескілескен кер заманы қазақ қоғамын іштей ірітіп, сырттай сансыратты. Екіге тіліп, есінен тандырды. Тірексіз, тұрақсыз ел берекесі қашып, босып кетті.

Міне, осы орныксыз кезеңде Сұлтанбек саясаттан сырттанқырап, қажыр-қуатын ағартушылық қызметке арнады. Мұғалімдік мамандығына кірісіп, Ташкенттегі педагогикалық училище мен педагогикалық курстарда сабақ берді. Жігерлі жас ұстаздық қызметіне ұйымдастырушылық қабілетін ұштастырып, Қазақ оқу-ағарту институтының қабырғасын қаласты. Ал 1919 жылдың қыркүйек айында ол Түркістан қаласына оқу бөліміне жауапты жұмысқа жіберілді.

Алашорда қозғалысына «арандаған» адамдарға кешірім жарияланғаннан кейін олардың арасында Кеңес өкіметімен келісімге келіп, тұрмыс-тіршілігін түзеуге шама-шарқынша көмек көрсеткендері, тіпті коммунистік партияның қатарына кіргендері көптеп кездесті.

Сұлтанбек Қожанұлы да солай қылды. «Бірлік туының» жығылғанына көзі жетіп, енді қызыл тудың астында жүріп, еліне қызмет етуді қолайлады.

1921 жылы толтырған анкеталардың біріндегі «Әдеби жұмысқа орналастыңыз ба?» деген сұраққа Сұлтанбек Қожанұлы: «Қырғыз/қазақ – *А.Ш.* газетінде редакторлық еттім және редакторлық етіп келемін» деп жауап қайтарыпты. Оның «редакторлық еттім» дегені – «Бірлік туы», ал «редакторлық етіп келемін» деп айтып отырғаны – «Ақ жол» газеті. Сұлтанбектің қаламгерлік қолтаңбасы негізінен осы екінші басылымның беттерінде қалды. Күні кешеге дейін тарих күресіне тасталған «Ақ жолдың» тағдыр-талайы да тылсымға толы.

Қазақтың «Ақ жолы» мәжілісте межеленген мерзімінен бір жетідей бөгіліп, желтоқсанның 7-інде жарық дүниемен жүздесті.

«Ақ жолдың» алғашқы редакторы /жауапты шығарушысы/ – Сұлтанбек Қожанұлы.

Басылымның басшысы ретінде ол ұдайы

қызметкер таңдау және қаражат табу мәселелерімен тынымсыз шұғылданған. Өйткені, Ташкент қаласындағы барлық мерзімді басылымдардың редакциялары, соның ішінде «Ақ жол» газетінің басқармасы өз бастамалары бойынша жаңа шаруашылық бағытына көшті. Бірақ мұсылман газеттері толығымен өзін-өзі ақтауға үміт артпайтындығы сөзсіз. Себебі, жергілікті қалың бұқараның қараңғылығына байланысты олардың оқырмандары аз. Дегенмен, «жаппай жатып ішерлікке» қарағанда, «жарым-жартылай өзін-өзі асырау артығырақ», – еді. Соған сәйкес редакция атынан Түркістан Орталық Атқару Комитетіне қатынас қағаз жолданып, несие ақша сұралыпты. Өтініштің соңында «Қожанов жолдасқа баяндалсын. 28/І 1922» деген жазу бар. Мұнан кейін Сұлтанбек Қожанұлы өз қолымен бұл құжаттың сол жақ шекесіне: «Қаржы бөліміне. Барлық анықтама және қатынас қағаздары түгенделіп, бұл туралы тағы жеке өзіме мәлімделсін. Түр ОАК-інің төрағасының орынбасары С. Қожанов. 30/І. 1922», – деп жазыпты. Бұл – басылым басқармасының талап-тілегі дұрыс шешімін тапты деген сөз. Асылы, қос тізгінді қатар ұстаған қарымды қайраткер Қожанұлы қызмет бабын қазақ баспасөзінің қымымен тығыз қабыстырып отырған. Айталық, ТүрОАК-інің тағы бір мәжілісінде редакцияның жауапты хатшысы Ғазымбек Бірімжановтың өтініші қаралыпты. Ол былайша қанағаттандырылған: «Бірімжанов жолдасқа бір айлық демалыс беріліп, емделуі үшін екі жүз мың /200 000/ сом мөлшерінде ақша бөлінсін. Түркістан ОАК-інің төрағасы: Сұлтанбек Қожанов». Қаламгерлерге қамқорлықтың бір үлгісі – осы.

Кадр іріктеуге келсек, жауапты шығарушы бұл жөнінен де көп жаңылыспаған. «Қазақ тілі» газетінің тілімен айтқанда /1921, 29 шілде/, «Ақ жол» газетінің бас жазушысы – Міржақып Дулат баласы». Газет жұмысына өз жұртының ойы озы, ақылы асық, зиялыларының үлкен шоғыры араласқан. Олар: Нәзір Төреқұлұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Абдолла Байтасұлы, Ілияс Жансүгірұлы, Біләл Сүлейұлы, Теман Шонанұлы, Қазмұхамед Құлетұлы, Иса Тоқтыбайұлы, т.б. «Ақ жолда» қызмет істеу құрмет саналған. Мысалы, ТүрОАК-інің жанындағы қазақ-қырғыз бөлімінің 1921 жылғы ақпанның 5-індегі мәжілістерінде Құлетов, Мадалиев, Қасымов және Досмұхамедов қолдағы қызметтерінен босатып, газет жұмысына жіберу жөнінде өтініш білдірген.

Сол кездегі басқа басылымдар секілді, «Ақ жолдың» да «ішкі хабарлар», «сыртқы хабарлар» және «ресми» деп аталатын бөлімдері болған.

Газеттің кескін-келбетін айшықтап, көзқарасын айқындайтын дүниелер «Қазақстанда», «Елден», «Ашыққандар үшін», «Жастар арасында», «Әйел теңдігі» атты айдарлардың аясында түрлі тақырыпта жарияланып тұрған. «Ақ жол» отаршылдықтың барлық көріністеріне қарсы күресіп, қазақ-қырғыз кедейлерінің тұрмыс-тіршілігі мен мұң-мұқтажын жан-жақты қамтып келеді», – депті Түркістан Орталық Атқару Комитетінің төрағасы Айтақов газеттің үш жасқа толуына орай жолдаған құттықтауында. Шындығында да, «Ақ жол» жиырмасыншы жылдардағы Түркістан аймағының тынысын толық танытатын бірден-бір басылым.

Сәбит Мұқановтың сипаттауынша, Сұлтанбек Қожанұлы осы тұста орасан тірліктер жасаған. Ол: I/Совет өкіметіне қарсы өлең-жыр жазудан тынбай келе жатқан алашордашыл ақын – Мағжан Жұмабаевтың Қазақстанда бастыра алмаған өлең, поэмаларын 1923 жылы Ташкент қаласында бастырды да, өзі кіріспе сөз жазып, Мағжанды аспанға шығара мақтады; 2/ «Алаш» лидері Ахмет Байтұрсыновтың 1923 жылдың күзінде Орынборда құлаған 50 жылдық юбилейін Ташкентте өткізіп, Түркістан республикасының басқарушы газеті – «Ақ жолда» Байтұрсыновты мақтаған мақалалар бастырды, портретін жариялады; Түркістан республикасын Қожанов басқарған кезде /1922-25 жылдары/ Алашорда партиясының лидерлері Халел Досмұхаммедов, Хайретден Болғанбаев, Мырзағалы Есполов, Жүсіпбек Аймауытов, тағы басқалары Ташкент қаласынан пана тапты да, ондағы «Ақ жол» газеті мен «Шолпан» және «Сана» журналдарына ұлтшылдық бағытта, кейде Совет өкіметіне ашық қарсы шыққан бағытта жазған шығармаларын жариялап тұрды».

Сырдария губерниялық комитеті 1925 жылғы наурыздың 27-інде «Ақ жол» және «Смычка» газеттерін өлкелік «Еңбекші қазақ» және «Советская степь» газеттерімен біріктіріп жіберу жөнінде қаулы алды. Сол жылғы сәуірдің 21-інде Қазөлкеком Секретариатының кезекті мәжілісінде баспасөз бөлімінің меңгерушісі Т. Рысқұловтың хабарламасы тыңдалып, жоғарыдағы шешім негізінен мақұлданды. «Ақ жолды» жаптырып қайту мақсатында Әбдірахман Байділдин жолсапарға жөнелтілді.

1923 жылы «Ақ жол» газеті туралы Б. Малин: «Осы декабрь жұлдызының 7 күні Ташкентте шығатын Түркістан үкіметінің тілі «Ақ жол» жарыққа шығуына үш жыл толды. Сол күннің құрметіне «Ақ жол» Қазақстанда көп тараған газет екенін айта келіп: «Ол Түркістан үкіметінің

қолдаған шараларын қазақ халқына жеткізіп тұрды», – деп атап көрсетті.

Шындығында 1920 жылдың 18 сәуірінен «Жаңа өріс» газеті шығып тұрған болатын. Ал «Ақ жол» болса сол басылымның заңды жалғасы еді. Газеттің орташа таралу тиражы 1800, алғашқы редакторы – Сұлтанбек Қожанов.

Газет түрлі тақырыптарға еркін қаузап жазатын бірден бір басылым болды. Мысалы, «Ақ жолдың» 1921 жылғы 29-нөмірінде «Кедейлер төңкерісі» деген мақала жарияланды. Онда Орта Азия халықтарының патшалы Ресей дәуіріндегі сарқыншақтарға қарсы күресі туралы баяндалады. Автор байлардың кедейлерге жасаған зорлық-зомбылықтары, олардың жиі-жиі кедейлердің малын тартып алуы, кедейлердің көтеріліске шығып, жаңа өмір орнатуына алып келді деп түйіндеуіне негіз береді.

Сондай-ақ, газеттің осы нөмірінде, Түркістанда өткізілетін кедейлер конференциясына Рахимов, Барашов, Сафаров, Арызбаев, Оразов, Каримов сияқты барлығы 25 өкілдің тіркелгенін, мұнда «Мұсылман интернатының» ашылып, қазір барлығы 113 ұл мен 13 қыз бала оқып жатқандығы және 14 наурыздан бастап Ташкентте «Мұсылман партия школы» іске кіріскенін қысқаша хабарлайды.

«Ақ жол» газетінде әйел теңдігі мәселесі де кең түрде қамтылған. Осыған орай Жұмабек Қыстаубаев деген автордың «Қалың мал ұрлығы», – деп аталатын мақаласындағы «Шымкент уезі Қошқар ата болысындағы Бөртебайұлы 17 жасар қызды 15 қара малға сатып алған. Қыздың әкесі Таңқы 15 қараны алып, қызын әйел үстіне берген» дейтін жолдарға нақты жауап ретінде газеттің 1924 жылғы 13-нөмірінде «Қазақ-қырғыз арасында қызды мал орнына сатуға тыйым салынғалы бері бұл әдет жойылып та келеді. Сонда да бұл туралы шығарылған заң-закон қағаз жүзінде ғана қалып, іс жүзінде шыға алмай, қала ішінде онша-мұнша орындап, даладағы қара халық арасында әлі жойылмай тұр. Осы жылы Жизак уезі Атақорғай болысында Оспантөс Бекұлы деген кедейлерге жол болып, жаман әдет жойылар ма екен деген оймен өз қызын малсыз Оңғарбек Қаратайұлына беріп отыр. Бұған қарағанда қазақ-қырғыз ішінде қалың мал жойылар деген үмітіміз де бар», – деп редакторлық мақала жарияланды.

«Ақ жол» газетінің тағы да бір ерекше көңіл бөліп, жан-жақты проблема көтерген мәселелері шаруалар жағдайы. Мысалы, газеттің 1921 жылғы 32-нөмірінде «Жерсіз хәм аз жерлі дихандар ұйымының жобасы»

жарияланды. Онда, ұйым мүшелерінің акция жөніндегі міндеттері, істері көрсетілді, яғни, әр ай сайын кіріс салығы 50 сом, айлық салығы да 50 сом. Одан әрі ұйымның құрылыс реті көрсетіледі де, дихандар ұйымының әр ауылда ашылу керектігін айтады.

«Ақ жолда» жиі жазылып, халықтың тиісті бағасын алған тақырыптардың бірі әдебиет, мәдениет және білім мәселесі. Мысалы, басылым өзінің «Сауық кеші» («Ақ жол» газеті, №71 1921 жыл) деген мақаласында: «1921 жылғы 20 майда

Түркістан қаласындағы жастар ұйымы атынан сауық кеші жасалғанын жазды.

1924 жылдың соңында Түркістан Совет республикасы таратылып, қайта құрылды. Осыған байланысты бұрын оның қарамағында болып келген Жетісу мен Сырдария облыстары Қазақ АССР-іне қосылды. Осыдан кейін «Ақ жол» газеті 1925-1927 жылдары Қазақстанның Сырдария облыстық партия, кеңес қызметкерлерінің органы болып Шымкентте шығып тұрды.

